



Сыр бойы

№5
(19683)
15 ҚАҢТАР,
СЕЙСЕНБІ
2019 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ

WWW.SYRBOYI.KZ

BÜGİNGİ SANDA



BAĖA QOLAILY,
SAPA JOĖARY

2 >>



TAĖDYR TEZINE
TEGEÝRIN

3 >>



KEYDESINEN
AN TÖGILGEN
BEKSULTAN

4 >>

MEMLEKETTİK-JEKEMENSHİK ARIPTTESTİK

КЕҢЕСТІ ЕЛ КЕМЕЛДЕНЕ БЕРЕДІ

Қазақстанның бүгінгі экономикалық саясатында маңызды мәселенің бірі – мемлекет пен жекеменшік байланысына ықпал ететін және ол процестерді тиімді түрде жеделдететін мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту болып отыр. Өйткені ол әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыруға жеке кәсіпкерлік нысандарды тартудың тиімді механизмі. Мұндай әріптестік жобаларын іске асыру тек жергілікті бюджеттің ауыртпалығын төмендетіп, жеке инвестицияларды тартып қана қоймайды, сондай-ақ халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту түсетіні уақыт өткен сайын байқалып келеді.

Бдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Бір ғана мысал, Қызылорда облысында 2013 жылдан бастап мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде жұмыс істейтін балабақшалар саны 2 есеге артып, 71%-ті құрады. Облыс бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған 400-дей жеке меншік балабақша жұмыс істейді. 2015 жылы 3 пен 6 жас аралығындағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу 100% қамтамасыз етіп, елімізде алғашқы болып «Балапан» бағдарламасын жүзеге асырдық. Осылайша, бюджет қаражатын басқа да әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге бағыттау мүмкіндігі арта түсті. Осы орайда ҚР Премьер-министрі Бақытжан Сағынтаев 2018 жылы Үкіметтің кезекті отырысында Қызылорда облысы алғашқылардың бірі болып мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында жобаларды жүзеге асыруды бастағанын және аймақтың тәжірибесі өте табысты болғанын атап өткенін еске салып кетелік.

Айтары жоқ, бүгінгі күні Қызылорда облысы – мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту бойынша еліміздегі бес үздік аймақтың бірі. Жүзеге асырылатын жобалар экономиканың барлық салаларын қамтиды. Атап айтқанда, олардың қатарында денсаулық, дене шынықтыру және спорт, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, білім беру, цифрландыру, жолсаушылар көлігі және автомобиль жолдары, мәдениет, әлеуметтік қамсыздандыру, қоғамдық тәртіп және экология салалары бар. Қазіргі таңда облыста 84 мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалары іске асырылуда, оның ішінде 32 жоба бойынша келісім шарттарға қол қойылған.



Негізгі бағыттардың бірі – денсаулық сақтау саласы. Аталған салада 29 жоба бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Бұл бастама аясында саланың инфрақұрылымын қайта жаңғырту мәселесі шешілу үстінде, дәлірек айтқанда, типтік үлгідегі ғимараттар мен нысандардың құрылысы жүргізілуде. Нәтижесінде көптеген ауылдық елді мекендерде жаңа типтегі дәрігерлік амбулаториялар пайдалануға беріледі. Сондай-ақ,

медициналық мекемелер жаңа, заманауи медициналық құралдармен жабдықталады.

Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жобалары спорт, білім, цифрландыру салаларын дамытуға және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын қайта жаңғыртуға да бағытталған. Жаңа жыл қарсаңында облыс әкімінің төрағалық етуімен аймақта мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту мәселелеріне арналған жиын өткен болатын. Сол басқосуда аймақ басшысы МЖӨ жобаларын іске асырудағы белсенді аудандардың бірі Шнелі екенін атап өтті. Қазіргі таңда ауданда 4 спорттық кешен ашылып жұмыс жасауда, алдағы уақытта қосымша 2 спорттық кешен іске қосылатын болады. Өткен жыл басынан бері әлеуметтік қызметтер көрсететін шағын үй жұмыс жасайды. Сондай-ақ 2 дәрігерлік амбулаторияның құрылысы жүргізілуде.

Жұмыстардың нәтижелі жүруіне облыс әкімінің 2016 жылғы 4 шілдедегі №517 қаулысымен құрылған «Қызылорда облысының өңірлік мемлекеттік-жекеменшік әріптестік орталығы» ЖШС өзіндік үлесін қосуда. Орталықтың негізгі міндеттері – МЖӨ жобаларының консультациялық-ілесіп қызметтері, жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін экономикалық сараптау. Орталық директоры Бауыржан Өтежанның айтуынша, жобаларды қарау кезінде мемлекет үшін де, жеке әріптес пен қоғам үшін де әлеуетті артықшылықтарға назар аударылады. Мәселен, мемлекет үшін бұл артықшылықтар – бюджет қаражатын үнемдеу, қосымша ресурстарды (қаржылық, материалдық және басқарушылық) алу, көрсетілетін қызметтер мен тауарлардың сапасы мен көлемін арттыру, жұмыс орындарын сақтау және құру, жобаларды іске асыру кезінде уақытты үнемдеу, қоғамдық міндеттерді шешуді жеделдету. Ал жеке әріптестер үшін бұл нарықтық тауашаны кеңейту, жобаларды іске асыру кезінде бюджет қаражатын тарту, салынған инвестицияны қайтару кепілдіктері.

Қазіргі уақытта МЖӨ өңірлік орталығы облыс экономикасының түрлі салаларында жалпы құны 11 млрд 128 млн теңгені құрайтын 32 жоба әзірледі.

Ал қоғам үшін бұл жобалар – сапалы тауарлар мен қызметтер.

BRIFING

Бүгінде баспанаға қол жеткізетін бағдарлама түрі көп. Соның ішінде Сыр өңірінде ғана жүзеге асатын «Орда» бағдарламасы мұқтаж отбасыларға арналған. Осы бағдарлама бойынша сол жағалаудағы жаңа үйлерден пәтер беруге өтініш қабылдана бастады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» облыстық филиалының директоры Әділжан Сәулебаев айтты.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

«ОРДА» КІМНІҢ ОРАЙЫНА КЕЛЕДІ?



Бірден ашығын айталық, бұл жалпыға бірдей бағдарлама емес. Сатып алу мүмкіндігі қарастырылған жалға берілетін пәтерлерден жергілікті әкімдікте кезекте тұрған банк салымшылары үміткер бола алады. Олар – көпбалалы немесе толық емес отбасылар, мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиелеуші отбасылар, балалар үйінің тәрбиеленушілері, ІІІ топтағы мүгедектер, мемлекеттік қызметкерлер, бюджет мекемелерінің қызметкерлері және жасы 35-ке толмаған жас отбасылар.

Халықтың баспаналы болуына қолдау жасау мақсатында облыс әкімдігімен бірге «Орда» аймақтық бағдарламасын әзірлеп, іске қосып отырмыз. Оған қатысушылар 8 жыл бойы жалға берілетін пәтерлерде тегін тұрады. Алайда осы уақыт ішінде Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің шотына үй бағасының 50 процентін жинау керек, содан кейін пәтерді жеңілдетілген несиемен сатып алады, – дейді Ә.Сәулебаев.

Қаңтардың 11-нен бастап сол жағалаудағы 4 үйге өтініш қабылдау басталып, осы айдың 21-де аяқталмақ. Наурыз айына дейін 14 үй бағдарлама аясында пайдалануға беріледі. Филиал директоры атап айтқандай, бірінші кезекте пәтер алу үшін таныс-тамыр жағалаудың қажеті жоқ. Бұл орайда есепшоттағы жинағыңыз есепке алынады. Банк шотында кем дегенде 500 000 теңге жинағы бар және ең көп ұпай жинаған азаматтар бірінші кезекте үй алады. Ал, ұпай саны депозит мерзімі мен оның қаншалықты жиі толтырылғанына байланысты анықталады.

«Орда» бағдарламасы бойынша баспана алу қанша қаражатты қажет етеді?» деген көп көкейіндегі сауалға жауап ретінде банк мамандарының есебіне назар аударғанды жөн көрдік.

Мәселен, ауданы 58 шаршы метр болатын 2 бөлмелі пәтер 6 960 000 теңге. Пәтерде 8 жыл бойы тұрып келген банк салымшысы осы уақыт ішінде шотына ай сайын 36 888 теңгеден ақша аударып отыру керек. Жыл сайынғы мемлекеттік және банк сыйақысын қоса есептегенде жинақ сомасы үй бағасының 50 процентіне жеткен кезде қалған 3 480 000 теңге несие түрінде рәсімделеді. Несие бойынша ай сайынғы төлем сомасы 32 200 теңгені құрайды. Ал несие мұнан да көбірек төлеп, ертерек құтыламын десеңіз, өз еркіңізде.

Бір айта кетерлік мәселе, елдің тұтыну несиемен өбден байланып отырғандығы. Банктің жергілікті филиал директоры халықтың баспанаға ақша жинағанын төрі есепсіз несие алуға құштар екендігін ашық айтты.

Статистикалық мәліметке сүйенсек, 2018 жыл қорытындысы бойынша, Қызылорда облысы тұрғындары тұтыну несиемен алудан бірінші орында тұр. Бір қызылжылтылығы, бұл цифрдың жылдан жылға өсіп отырғандығы. Екінші деңгейлі банктің «арзан несие береміз», «мына қарызыңызды өтесеніз, мұнан да көп аласыз» деген жарнамасына алданып, несиеден несиеге өтіп жүргендер көп. Соның орнына бұл ақшаны баспана алуға жинаса, қаншама адам үйлі болар еді, – дейді қоғамдағы өзекті мәселеге назар аударған Ә.Сәулебаев.

Шынында да, басқаға емес, баспанаға несие алсаңыз бәрінен тиімдісі сол болар еді. Тағы бір айта кетерлігі, «Орда» бағдарламасы мұнымен аяқталмайды, үш жылға жалғасады.

Жас ғалымның жаңалығы – жел генераторы

Бірнеше жыл бұрын Шотландия әлемді таңғалдырды. Бұл ел ұйтқыған желді де ұтымды пайдаланған. Энергетикалық қажеттілікті бір ғана жел энергиясымен жауып, экономика ғана емес, экология тұрғысынан да тиімді жолды таңдапты. Белгілі емес пе, жел энергиясы сарқылмайтын, экологиялық таза, табиғи құбылыс.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Жалпы, мыңдаған жылдар бойы адамдар желді энергия көзі ретінде пайдаланып келген еді. Мысырлықтар желді пайдаланып, суда желкен көмегімен жүзсе, голландықтар жел дирменін жетілдіріп, дөңді дақыл ұнтақтаған. Тіпті электр энергиясын алудың жолын білген. Бірақ өткен ғасырда жел энергиясының орнын мұнай алмастырды. Соңғы уақыттары қара майдың да қоры таусылатыны белгілі болды, енді ғалымдар қайтадан табиғи энергияны пайдаланудың жаңа технологиясын іздеуде. Бұл мәселе біздің елде де алдыңғы қатарға шығып, ғалымдар жел генераторларын іске қосу мақсатында зерттеулер жүргізе бастады. Ал қызылордалық, Назарбаев зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы Әлихан Шәкіман жуырда жел генераторының жаңа түрін ойлап тауыпты.

Жас ғалым бұл құрылғыны

3D-модельдеу арқылы жасаған. Инновациялық тұрғыда жетілдірілген әрі пайдасы арта түскен генератор жел энергиясын тиімді пайдаланумен қатар, атмосфераға бөлінетін зиянды заттарды азайтуға мүмкіндік береді. Қонус тәрізді құрылғының диаметрі бір жарым, ал биіктігі 3 метр. Ең бастысы, бұрын жел энергиясын алу тым қымбат болса, бұл жел генераторы құрылыста арзанға түсетін, темірпластик материалдан жасалады. Генератордан өндірілетін қуат бір шағын ауданды электр энергиясымен қамтамасыз етуге жетеді екен. Бұл ғылыми жаңалыққа сарапшылар әлемде баламасы жоқ деп баға беріпті.



Әлиханнның айтуынша, бұл жоба жел энергиясын игерудің технологиясын одан әрі жетілдіріп, пайдасын арттыруға түспек.

Жалпы, синоптиктердің айтуынша, Сыр өңірінде бір жылдағы 365 күннің 300-ден астамында аспан ашық, бұлтсыз болады. Аймақ географиялық жағынан желді белдеуде орналасқан. Ауаға зиянды заттар тарауының алдын алатын бұл құрылғы, әсіресе, Арал өңірі үшін аса тиімді болар еді. Өйткені, батыс беткейде орналасқан бұл аймақтың климаты тым жиі соғатын желді, бүркасын дауылды болып келеді.

Дәл қазіргі уақытта жел энергиясын тиімді пайдалануда Германия мен АҚШ алдыңғы қатарда екен. Бірақ бұл талдаманың нәтижесі тұрақты емес. Технологияның қарқынды дамуының нәтижесінде көшбасшы елдер де жиі өзгереді. Ал біз жас ғалымның ерекше бастамасына «бәрекеңді» дестік, мүмкін алдағы уақытта бұл қатардан біздің ел де табылып қалар.

ULY DALANYŇ JETI QYRY

ЖАҢҒЫРУДАН —
ЖАҢАНДЫҚ ТАРИХҚА

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың халыққа жариялаған дәстүрлі Жолдаулары мен бағдарламалық мақалалары ішкі құрылымы мен мазмұны жағынан да бір-бірімен үндес әрі сабақтас. Соның бірі – Елбасының жуырда жарияланған «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы.

«Ұлы даланың жеті қырының» маңыздылығы – ұлттық құндылықтарымыздың жаһандық тарихтағы орнын байыппен пайымдау болып табылады. Мақала «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт» және «Тарихи сананы жаңғырту» атты екі бөлімнен тұрады. Онда уақыт пен кеңістік көкжиегінің тоғысқан кезінде ұлт тарихы басталатынын нақты ғылыми деректерге сүйеніп отырып көрсетіп, ұлттық тарихымыздың бай әрі тұтас екенін тоқталған.

Мақаланың «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт» тақырыбындағы бөлімінде біздің жеріміз материалдық мәдениеттің бастау бұлағы екенін, қазіргі қоғамның ажырама бөлшегіне айналған бұйымдар біздің өлкемізде ойлап табылғанын атады. Олардың қатарында атқа міну мәдениеті, Ұлы даладағы ежелгі металлургия, аң стилі, алтын адам, түркі әлемінің бесігі, Ұлы жібек жолы, Қазақстандағы алма мен қызғалдақ сынды ұлт рухының айрықша салтанат құруына негіз болған тақырыптарды атап көрсетті. Ал «Тарихи сананы жаңғырту» бөлімінде алдағы атқарылатын жұмыстарға бағдар берген. Атап айтсақ, еліміздің тарихи жылнамасындағы ақпақтарды қайта қалпына келтіруге жол ашқан «Мәдени мұра» бағдарламасының табысты іске асқандығына тоқталып, ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі кезеңді қамтитын отандық және шетелдік мұрағаттар дүниесіне елеулі зерттеулер жүргізу үшін «Архив-2025» жетіжылдық бағдарламасын жасауды ұсынды. Сонымен қатар, зерттеулер қалың жұртшылыққа қолжетімді болуы үшін оларды белсенді түрде цифрлық форматқа көшіру қажеттігін атады. Отаншылдық тәрбие беру мектеп қабырғасынан басталуы тиіс екендігін айтып, мектептер мен барлық өңірлердегі өлкетану музейлерінің жанынан тарихи-археологиялық қозғалыстар құру маңыздылығын атап көрсетті.

Әр халық ұлы бабаларының есімдерін мақтан тұтады. Сондықтан, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты



оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуды, әдебиет, музыка мен театр, бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеткен тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды, еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамтитын «Ұлы Дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік серияларды шығарып, тарату жұмыстарын жүйелендіруді тапсырды.

Бүгінгі қазақтың сайын даласынан әлемнің әр түрлі бөліктеріне таратқан түркі тектес тайпалар мен халықтар басқа елдер мен өңірлердің тарихи үдерістеріне елеулі үлес қосты. Осыған байланысты, «Түркі өркені: Түп-тамырынан қазіргі заманға дейін» атты жобаны қолға алу қажеттігін, сондай-ақ, вики-



педия үлгісінде Қазақстанның модераторлығымен Түркі халықтарына ортақ туындылардың бірінші онлайн кітапханасын ашу маңыздылығына тоқталды. «Ұлы дала» атты ежелгі өнер және технологиялар музейін ашуды, «Ұлы даланың ұлы өркені» атты жалпыұлттық тарихи реконструкциялар клубын құрып, соның

негізінде фестивальдар өткізуді қолға алу қажеттігін атады.

Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері – ертегілері, аңыз-әңгімелері, кыссалары мен эпостарын жинақтап, «Дала фольклорының антологиясы» жасауды, «Ұлы даланың көне сарындары» жинағын басып шығаруды атап, фольклорлық дәстүрдің ортақ тарихи негіздерін іздеу үшін Қазақстанның түрлі өңірлері мен өзге елдерге бірнеше іздеу-зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар, тарихтың кино өнері мен телевизиядағы көрінісін дамытудағы қадамдарына да баса назар аударды.

Мақаланың әр бөлімі танысқан кісіге ой саларлық, ойланарлық мәселе. Олай болса, таяу жылдардағы міндеттерді «Ұлы даланың қадамдарымен» байланыстырып, тарихымызды, ұлттық құндылығымызды ұрпақ санасына сіңіру – білім беру ұйымдарының алдындағы маңызды міндет. Соның ішінде мақалада көрсетілген жобаларды Қазақстан тарихы, әдебиет, музыка, технология, биология пәндерінің мазмұнымен терең байланыстыру қажеттілігі артады. Бұл білім беру саласының қайта жаңғыруды қажет ететінін және функционалды білім беруді дамыту керектігін айқындайтын сөзсіз.

Балзия АБДУЛЛАЕВА,
Е.Әуелбеков атындағы
дарындар балағары арна
№4 облыстық мектеп-интернат директоры.

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы дер кезінде жарияланған күндіз дүние болды. Бұл мақала 2004-2015 жылдар аралығында жүзеге асқан «Мәдени мұра» мен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» бағдарламасын одан әрі жандандыруға негіз болады. Себебі «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ұлт тарихына қатысты көптеген ауқымды шаралар жүргізілген болатын.

ӨТКЕНІН
ҰЛЫҚТАҒАН
ЕЛ ОЗАДЫ

Осы орайда 2004 жылы ашылған рухани орындардың қолға алу қажеттігін атады. Бұл мақала 2004-2015 жылдар аралығында жүзеге асқан «Мәдени мұра» мен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» бағдарламасын одан әрі жандандыруға негіз болады. Себебі «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында ұлт тарихына қатысты көптеген ауқымды шаралар жүргізілген болатын.

Мәселен, Елбасы мақаласында архив, музей саласының одан әрі дамуына айрықша мән береді. Ондағы «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі» «Дала фольклоры мен музыкасының мың жылы» жобалары мәдени дамудағы музей жұмысының нақтылана түскенін аңғартады. Яғни, «Ұлы дала» атты ежелгі өнер және технологиялар музейін аша отырып, оған қазақ халқының озық өнер мен

технология үлгілерін – аң стилінде жасалған бұйымдарды, «Алтын адам» жақтарын, жылқыны қолға үйрету, металлургияны дамыту, қару-жарақ, сауыт-сайман дайындау үдерісін көрсететін заттарды және басқа да жәдігерлерді жинақтауға бола-мел жол салудан туындаған бастама деп білеміз.

Кенже АХМЕТОВА,
«Ақмешіт» музейінің
менгерушісі.

БОЛАШАҚҚА
СЕНІМДІ АРТТЫРАДЫ

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында еліміздің тарихы мен мәдениетіне тереңдей бойлап, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауға баса мән берілген. Бұл еңбек Ұлы дала төсінде пайда болған бабалардан келе жатқан ұлттық мұраларымызды, мәдениетімізді терең тануға, жаңа қырынан ұлықтауға және түркі бірлігін бұрынғыдан да күшейтуге жаңа серпін беруде.

Ұлттық таным-түсінігіміз бен түп-тамырымызды тануға жол ашуда. Сондай-ақ, қазақтың салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, насихаттап, тарихымызды түгендеуге міндеттейді. Елбасы өз мақаласында қазіргі жаһандану заманында ұлттық бірегейлікті сақтап, өркенімізді жақсысын алып, біздің танымсызға жат құбылыстан жиынуға үндейді. Осыдан да бо-

лар, мақала аз ғана уақыттың ішінде көптің ықыласына бөленіп, тарихи құжатқа айналып үлгерді. Сол себепті Елбасының тарихымызды тануға, оны жаңғыртуға арналған ұсыныстары мемлекетіміздің дамуына септігін тигізіп, болашаққа деген сенімді арттыратынына сенімдімін.

Дана ДОСТАНОВА,
облыс бойынша
ҚАЖД маманы.

ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ЕКІНШІ САММИТ
ВЬЕТНАМДА ӨТУІ МҮМКІН

АҚШ президенті Дональд Трамп пен Солтүстік Корея басшысы Ким Чен Ын ақпан айының орта шенінде Вьетнамда кездесуі мүмкін. Бұл туралы «Иомиури» газеті хабарлады.

Басылымның хабарлауынша, Вашингтон Пхеньянға осындай ұсыныс жасаған. Бұған дейін екіжақты саммит өткізу орны ретінде Индонезия, Монғолия және Корея түбегіндегі қарусыздандырылған аймақ та сөз болған. Біртүрлі маусым айында Сингапурде АҚШ пен Солтүстік Корея басшыларының алғашқы кездесуі өткен.

Саммиттің нәтижесінде тараптар бірлескен мәлімдеме жасап, Пхеньян ядролық қарудан бас тартуға, ал АҚШ бұл мемлекеттің қауіпсіздігіне кепіл беруге келіскен еді.

ШЕКАРАЛЫҚ АУМАҚТА
ӘСКЕР САНЫ КӨБЕЙДІ

Түркия Сирияның солтүстігіндегі Идлиб провинциясының шекаралас аумақтағы әскерін көбейткен. Reuters агенттігінің хабарлауынша, 12 қаңтарда Түркияның Хатай провинциясына танкілер пен бронды техника колоннасы жетіпті. Түркияның қауіпсіздік қызметі бұған қатысты түсініктеме берген жоқ және Сирияда жаңа әскери операция бастау туралы деректі жоққа шығарды.

Жуырда АҚШ мемлекеттік департаментінің басшысы Майк Помпео Түркия сыртқы істер министрімен кездескеннен кейін күрд жасақтары мәселесінде Түркиямен келісімге келетініне сенімді екенін айтқан.

Осы уақытқа дейін АҚШ Сирияның солтүстігінде «Ислам мемлекеті» террористік ұйым содырларымен соғысып келген күрдтердің «Халық қорғанысы жасағын» (YPG) қолдап келген. Ал Түркия тарабы ИМ-ге қарсы АҚШ жағында соғысқан күрд жасақтарының Күрдстан жұмысшы партиясымен байланысы бар деп біледі. Түркия мен көптеген ел, оның ішінде Еуропа Одағы Күрдстан жұмысшы партиясын «террорлық ұйым» деп санайды.

ҚАЛА БАСШЫСЫНА
ҚАРУЛЫ ШАБУЫЛ ЖАСАЛДЫ

Польшадағы Гданьск қаласының мэріне қарулы шабуыл жасалды. Әлемдік ақпарат көздерінің хабарлауынша, қайырымдылық концерті кезінде қаруланған қаскөй сағнаға шығып кетіп, Павел Адамовичқа бірнеше рет пышақ сұзққан.

Ауыр жаракатпен шұғыл түрде ауруханаға жеткізілген мэрге бірнеше сағат бойы операция жасалды. Мамандардың айтуынша, қазір оның жағдайы ауыр. Дәрігерлер жергілікті тұрғындарды қан тапсыруға шақырады. Ал, мэрге шабуыл жасаған күдікті 27 жастағы Стефан 2013 жылы банк тонағаны үшін 5,5 жылға сотталған екен. Ауыр психикалық ауытқуы да бар деп танылған көрінеді.

Оқиғаға қатысты қылмыстық іс қозғалып, тергеу басталып кетті.



ЕЛ АТАУЫ ӨЗГЕРЕ МЕ?

Македония парламенті елдің атауын «Солтүстік Македония Республикасы» деп өзгерту туралы шешім қабылдады. Осыған байланысты ел конституциясына енгізілген өзгертулерді 120 депутаттың 81-і қолдауы берген. Енді оны Грекия парламенті мақұлдауы тиіс.

Югославия тарап, Македония тәуелсіздік алған 1991 жылдан бері ел атауына байланысты Грекиямен дау жалғасып келеді. Ресми Афини Македония – Грекияның солтүстігіндегі өлкенің бағзы заманнан бергі тарихи атауы деген уәжді алға тартады. Тіпті осыған бола Грекия НАТО мен Еуропа Одағына мүше болуға ниетті Македониямен ол жөнінде келіссөздер өткізуге тосқауыл қойып келген.

Бірақ оппозиция оған бойкот жариялады. Себебі олар бұл екі ұйымға кіру үшін ел атауын өзгерту дұрыс емес деген пікірде.



JULY MAÛSYMY


БАҒА ҚОЛАЙЛЫ, САПА ЖОҒАРЫ

Облыс орталығын жылумен қамтамасыз ететін жылу орталығы 50 жылдан бері өз қызметін мінсіз атқарып келеді. Жұртқа жарты ғасыр қызмет еткен орталықтың тозығы жете бастағаны жасырын емес. Инвестициялық бағдарлама арқылы кәсіпорынды жөндеуден өткізу күрделі мәселенің шешімін табуына септігін тигізді. Мамандардың айтуынша, қабылданған инвестициялық бағдарлама аясында халықаралық қаржы институттарынан несиелі алынып, тозығы жеткен жылу станциялары жаңарды. Жылу желілеріндегі артық шығын азайды. Бұл кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақты болуына оң әсер етті.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Өңірлік коммуникация қызметі алаңында өткен брифингте «Қызылорда жылу-электрорталығы» МКК директорының міндетін атқарушы Руслан Нұрмағанбетов биылғы жылу маусымында арыз-шағымның азаюының бір себебі осында екенін атап айтты. Шынында да қыстың қытымыр күнінде өзекті мәселенің бірі саналатын жылу тұрақты әрі сапалы беріліп тұр. Тұтынушылар тарапынан шағым естілмейді. Демек, ең әуелі жылумен қамтамасыз ететін орталық мәселесінің шешімін тапқаны көп кедергінің түйінін шешті. 2015-2020 жылдарға арналған инвестициялық бағдарлама бойынша 11 млрд теңгеге

жуық қаражатқа кәсіпорынның негізгі және қосымша қондырғыларына жөндеу жұмыстары жүргізілді. Атап айтқанда: «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында 8,6 млрд теңгеге 32 шақырымға жуық әртүрлі диаметрдегі магистралды және кварталаралық жылу желілері мен су айдағыш насостық станцияларына қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар Еуропалық даму және қайта жаңғырту банкі несиесімен қуаттылығы 15 Мвт құрайтын 2 дана газтурбиналық қондырғыға күрделі жөндеу, орталықтандырылған жылу жүйелерін модернизациялау, жылу жүйесіне гидравликалық модельдің бағдарламасын ор-



нату және автоматтандырылған дистанциондық басқару жүйесі енгізілген.

– Бұл өз кезегінде 50 жылдан астам жұмыс атқарып тұрған кәсіпорын қондырғылары мен жылу желілерінің едәуір жаңаруына септігін тигізді. Бу қазандықтары мен жабдықтардың сенімділігі мен

өнімділігі артты. 30 МВт электр қуаты қалпына келтірілді. Жылу алмасу жақсарды. Гидравликалық режим жақсарып, қоректендіргіш судың сапасы жоғарылады. Жылу жүйесіндегі шығын азайды. Мәселен, 2015-2016 жылдары қазандыққа берілетін су шығыны сағатына 500-700

тоннаны құраса, қазіргі таңда бұл шығын көлемі 3-4 есеге азайды. Жылу желілеріндегі технологиялық апаттардың саны төмендеді, – дейді Р.Нұрмағанбетов.

Тағы бір жағымды жаңалық, жаңа жылдан бастап жылу тарифінің төмендегені.

Қызылорда облыстық мәслихатының шешімі

11 қаңтар 2019 жыл
кезектен тыс 26-сессия

№290
Қызылорда қаласы

Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамын сайлау туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабының 1-тармағының 7-1) тармақшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қызылорда облыстық сайлау комиссиясының құрамы сайлансын.
2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихатының кейбір шешімдері жойылды деп танылсын.
3. Осы шешім қабылданған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облыстық мәслихатының кезектен тыс 26 сессиясының төрағасы

Ш. Әбілқасымов

Қызылорда облыстық мәслихатының хатшысы

Н. Байқадамов

Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290 шешіміне 1-қосымша

Қызылорда облыстық сайлау комиссиясы

(Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Облыстық мекемелер үйі ғимараты)

р/с	Комиссия мүшесінің аты-жөні	партиялар, қоғамдық бірлестіктер атауы
1.	Ерсултанов Адилбек Бурибаевич	«Нұр Отан» партиясы
2.	Жунисов Абайбек Талғатович	«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы
3.	Сырлыбаева Аягуз Муратбековна	Қазақстан коммунистік халық партиясы
4.	Наурызбаев Қожамажар	Қазақстанның «Ақжол» демократиялық партиясы
5.	Бердаулетов Бағдат Камбузович	«Бірлік» саяси партиясы
6.	Балбабаев Мурат Танганазиевич	«Қызылорда облысының Азаматтық Альянсы» Қауымдастығы
7.	Дармаганбетов Ануарбек Шақратұлы	«Мәртебелі Қазақстан» қоғамдық қоры

Қызылорда облыстық мәслихатының 2019 жылғы 11 қаңтардағы №290 шешіміне 2-қосымша

Қызылорда облыстық мәслихатының жойылды деп танылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. «Облыстық мәслихат депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 04 сәуірдегі №190 шешімі;
2. «Облыстық сайлау комиссиясын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 04 сәуірдегі №191 шешімі;
3. «Облыстық сайлау комиссиясын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 04 сәуірдегі №191 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №241 шешімі;
4. «Облыстық сайлау комиссиясын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 04 сәуірдегі №191 шешіміне толықтырулар енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 13 ақпандағы №256 шешімі;
5. «Облыстық сайлау комиссиясын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 04 сәуірдегі №191 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі №304 шешімі;
6. «Облыстық мәслихат депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 04 сәуірдегі №190 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 16 қыркүйектегі №305 шешімі;
7. «Облыстық сайлау комиссиясын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 04 сәуірдегі №191 шешіміне толықтыру енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 23 қарашадағы №319 шешімі;
8. «Облыстық мәслихат депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 04 сәуірдегі №190 шешіміне толықтыру енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2015 жылғы 23 қарашадағы №320 шешімі;
9. «Облыстық сайлау комиссиясын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 04 сәуірдегі №191 шешіміне

- өзгеріс енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №78 шешімі;
10. «Облыстық мәслихат депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 04 сәуірдегі №190 шешіміне өзгерістер енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №79 шешімі;
11. «Облыстық сайлау комиссиясын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 04 сәуірдегі №191 шешіміне толықтыру енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 15 ақпандағы №103 шешімі;
12. «Облыстық мәслихат депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 04 сәуірдегі №190 шешіміне толықтырулар енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 15 ақпандағы №104 шешімі;
13. «Облыстық сайлау комиссиясын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 04 сәуірдегі №191 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 24 қазандағы №149 шешімі;
14. «Облыстық сайлау комиссиясын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 04 сәуірдегі №191 шешіміне толықтыру енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №171 шешімі;
15. «Облыстық мәслихат депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 04 сәуірдегі №190 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы 29 наурыздағы №198 шешімі;
16. «Облыстық мәслихат депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының құрамын сайлау туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2014 жылғы 04 сәуірдегі №190 шешіміне толықтыру енгізу туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2018 жылғы 01 маусымдағы №209 шешімі.

ТАҒДЫР ТЕЗІНЕ ТЕГЕУРІН

«Қасқырды қасқыр мінезді аңшы ғана соғып алады» деген бар. Абай ауылының тұрғыны, жеке кәсіпкер, қолөнерші Оңдасбай Өтеміспен тілдесу барысында іштей қатты тебірентім. Әсерленгенім соншалықты, қарапайым ауыл жігітін емес, тағдырдың ауыр тезіне жасымаған нағыз дала батырмен тілдескендей күй кештім.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.

Көз алдымнан Оңдасбайдың қақпаған қаңтарда жоқ іздеп жүріп адасқаны, сары аязы сақылдаған иен түзде жапалдан-жалғыз ажалмен арпалысқаны, үсік шалған саусақтарынан айырылғандағы өзекті өртеген өкініші, сананы сансыратқан ауыр жағдайға жасымаған өмірге құштарлығы, өзі құрған қақпағанға түскен анау-мынау ит маңайына жолай алмайтын шибөріні қара тұмсықтан соғып сұлатқаны, І топтағы мүгедектің деп жасмай, қолөнерді менгеріп, танымал кәсіпкер атанғаны, дайындаған бұйымдарының тұтынушы тарапынан жоғары баға иеленіп жүргені дөңгеленіп өтіп жатты.

Оңдасбай – тіршілігі төрт түлікпен тығыз байланысқан малышның ұлы. Өзі де кешеге дейін атакәсіпті жалғастырып келді. Әкесі Төлебай нағыз шаруа адамы болды. Көкеміз аса қарулы жан еді. Жаз жайлауда, қыс қыстауда қоныстанатын малышның қарбалас тіршілігі таусылған ба?! Төкең бел шеше кіріскенде қандай ауыр жұмыс та дөңгеленіп жүре беруші еді. Қарапайым ғұмыр кешкен жанның ісіне мығым, сөзіне берік дағдысы балалары мен немерелерінің бойынан табылуы тағылымды тәрбиенің жемісі дер едік.

Шебердің өзі қолөнерге бейімдік атасы Ежжаннан, ісерлік нағашы жұртынан келген деп біледі. Мұны естігенде «кез келген қасиет ананың сүті, атаның қанымен дариды» деген қазекеннің даналығын еріксіз мойындайсың. Сол бір зардабы ауыр соққан оқиғадан соң Оңдасбай көп ойланды. Ақыры тәуекелге бел буды. Шеберлік – нағыз шыдамдылықтың айнасы. Айтуға



онай. Он екі мүшесі сау адамның өзі жүікесі жүндей түтіліп кететін ұсақ-түйек шаруа онай емес. Ал оны саудаға шығарып, алушының көңілінен табылу тағы қиын. Алайда ол осының бәрін көндікті, табандылығы алға жетеледі. Дайындаған бұйымдары көпшіліктің талғамынан табылғанын көргенде өзіне сенімі арта түсті. Енді жұмыс ауқымын ұлғайтуға кірісті. Қыс мезгілінде аң терілерінен түлкі тымақ, құлақшын, ішік тікті. Қысы қытымыр Қазалы жұрты Оңдасбайдың қолынан шыққан қонышы аң терісімен

қапталған саптама етігіне қызығушылық танытты. Мамыражай көктем мен қоныр күз аралығында балық аулау құралдарын тоқыды. Құрдастары «теңізден аулақ өскен кыр баласы дария жағасында туған бізге ауа тоқуды үйретті» деп әзіл-шыны аралас қалжыңдайды. Қазалының аптап ыстығын білетіндер масахананың қалдырған терең ұғынатын сөзсіз. Оңдасбай жасаған түрлі көлемдегі масаханаларға сұраныс та жиі түседі. Оған қоса шеберлікпен әзірленген ат әбзелдері, оған керекті бұйымдар да іздеусіз қалмайды. Көрпе, мәсі тігіп, одан өзге де бұйымдарды дайындауды менгерген шебер жеке кәсіпкерлікпен айналысса да деген ойын ауыл әкімі Байназар Ерқосаявқа білдірген еді. Ауыл ағасы сөзге келген жоқ. Құшына қостыды. Тіпті шеберхана ашуға қол ұшын созды.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының игілігін көрген кәсіпкердің бірі де осы – Оңдасбай Өтеміс. Тұмысынан жігерлі, тағдыр тезіне мойымаған жігіт ағасы кәсібін дөңгелентудің арқасында отбасын асырап отыр. Ол дайындаған бұйымдар ауыл тұрғындарымен қоса көршілес елді мекендер мен Қазалы қаласының жұртшылығына ұсынылуда. Жеміссіз де емес. Шебердің қолынан шыққан туындылар аудандық, облыстық көрмелерде топ жарып жүр. Аудандық «Таланттыңмен таңқалдыр» байқауында бас бөйге иеленсе, жұмырда облыстық байқауда да марапатқа не болды.

Оңдасбайдың айтарын шұрайлы тілмен өрнектегеніне қарап «шығармашылықтан алыс емес шығарсын» деп топышпаған едім. Қате болмапты. Шебер жігіттің өлеңдері де оқырмандар тарапынан жақсы бағаланып жүргенін естідім.

«Шүкір, еңбектенгенім нәтижесінде 1 миллион теңге грант иелендім. Келешекте шеберханамды кеңейтсем деген ойым бар», – дейді жылы жымияп. Қайсар жанға біздікі шанайы тілектестік.

Қазалы ауданы, Абай ауылы.

Жұрт жадындағы Жайсаң Жан

«Ег жүрегі елжіре, ұрпағының амандығы мен жақсылығын бақыт санайтын атаны ардақтап, оның алдынан қия өтпей, айтқаның орындау қашанда қамқорлық жасау, қызмет көрсету – сенің адамгершілік парызың» деп әкем ылғи дастархан басында немерелеріне айтып отырғанын күннен шалып қалатын. Сол естеліктердің бірі – менің нағашы Әбді атам жайында.

Осыдан он сегіз жыл бұрын о дүниелік болған Әбді Асаубаев Сыр бойы өнеркәсібінің өркендеуіне тер төккен, саналы із өшпейтін, өнегесі мол жан еді. Қызылорда облысы Сырдария ауданында дүниеге келіп, 1953 жылға дейін өндіріс орындарында аға есепші болып қызмет атқарыпты. 1960-1962 жылдары Қызылорда облыстық жергілікті өнеркәсіп басқармасының бастығы болған.

Өр жылдары Қызылорда жиһаз фабрикасының директоры, аяқкиім фабрикасы бастығының орынбасары, тігін және киім жөндеу фабрикасының бас инженері сияқты қызмет баспалдақтарынан өткен.

1969-1980 жылдары «Әсем» тігін фабрикасының директоры, 1980-1988 жылдары Қызылорда облыстық тұрмыстық қажетті өтеу басқармасының бастығы

қызметтерін атқарған.

Қызмет бабында әріптестеріне, дос-жаранға, ағайын-туысқа мейірімін шашып, шуақты өмір сүрді.

Атам туралы жақсы сөздерді бала кезімнен жиі естіп өстім. Ол кісі адам аламады, артық сөз айтпады. Облысымыздың өркендеуіне зор үлес қосқан азамат болды. Буыны қатпаған, бұғанасы бекімеген көкөрім шағында еңбек әліппесінің бетін ашқан ол жаны жайсаң, байсалды басшы бола білді.

Он төрт жасында Қазалыдағы теміржолшы-жұмысшы мамандығын даярлайтын курста оқып, 1942-1945 жылдарда паровоз машинистінің көмекшісі болып еңбек етті. Қара жұмыс істей жүріп, үш айлық есеп курсында оқып, бухгалтерлік мамандық алды. Осыдан кейін сауда саласына ауысты. Еңбегі еленіп, бақытын содан тапты. Облыс өнеркәсібін ұйымдастырушы қайраткерге, білікті басшыға, ұлағатты ұстаза айналды. «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды. Ол кісінің адал еңбекті бағалауы, еңбексүйгіштігі жұртты тәнт етті. Ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында әр ауданнан тұрмыстық қажет өтеу комбинаттары салынып, шаштараз,



суретке түсіру, киімдер тігу және тұрмыстық заттар жасау арқылы халыққа қызмет көрсетілді. Еңбек ешқашан ізсіз кетпек емес. Күн санап көркейіп, өсіп, жаңарып келе жатқан Қызылорда қаласындағы бір көше нағашымның атын иеленді.

Жұбайы Ұмысмен 8 ұл-қызды дүниеге әкеліп, немере-шөбере сүйді.

Ұмысмен әжем өте бауырмал, кішіпейіл, жақын ағайын мен айналасындағылардың қамқорына айналды.

Әбді атам мен Ұмысмен Мұрат, Марат, Әлия, Роза, Шолпан, Ләззат, Жанат, Кенжегүлді қатарынан кем қылмай жеткізіп, еңбекке баулып өсірді.

Ұлы Мұрат ішкі істер бөлімінде жұмыс істеп, зейнеткерлікке шықты. Марат Алматы қаласында қызмет жасайды. Әлия, Роза, Шолпан ұстаздық қызмет атқарып зейнеткерлікке шықса, Жанат пен Кенже – көлік саласының қызметкерлері.

Лаура АХМЕТОВА,
М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің оқытушысы.

ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (әрі қарай – Басқарма) тарапынан, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында қоршаған ортаға шығарылатын нақты эмиссиялар және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау туралы есептерін қабылдауға арналған «Қызылорда облысы табиғат пайдаланушыларының есебін қабылдау электрондық жүйесін енгізу» жобасы әзірленуде.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 73-бабының 5-тармағына сәйкес, Табиғат пайдаланушы экологиялық рұқсатқа енгізілген табиғат пайдалану шарттарының орындалуы туралы есепті рұқсат берген органға тоқсан сайын ұсынып отыруға міндетті.

Қазіргі таңда, басқарманың мемлекеттік экологиялық сараптама бөлімі табиғат пайдаланушыларға берген қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат негізінде тоқсан сайын нақты эмиссиялар есебі

қағаз түрінде қабылдануда.

Қоршаған ортаға шығарылатын нақты эмиссиялар және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау туралы есептерін қабылдауға арналған электрондық жүйесімен таныстыру және тұсау-кесер күні қосымша хабарланады.

Сурақтар туындаған жағдайда Қызылорда қаласы, Сұтан Бейбарыс көшесі №1 ғимарат, Қызылорда облысы әкімдігінің мемлекеттік мекемелер үйі, 2-қабаты, 222-кабинеттен жауап алуға болады. Байланыс телефон-ның: 8 (7242) 60-53-69.

Қызылорда облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы бастығының және оның орынбасарының жеке тұлғаларды, заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі

№	Қабылдау жүргізетін тұлғаның А.Т.Ә.	Лауазымы	Қабылдау күні	Қабылдау уақыты
1	Тоғызбаев Қайрат Әбенұлы	Басқарма бастығы	Әр аптаның Сәрсенбі күні	15.00-ден 17.00-ге дейін
2	Серікбаев Қанатбек Қуанышұлы	Басқарма бастығының орынбасары	Әр аптаның Бейсенбі күні	15.00-ден 17.00-ге дейін

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Қызылорда облысының жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасының мемлекеттік қызметшілерінің "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Заңы, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары) талаптарын бұзу фактілері орын алған жағдайда 8 /7242/ 23-46-48 сеним телефонына жүгінуге болатындығын хабарлайды.

Жекеше әріптесті айқындау жөніндегі тікелей келіссөздер нәтижелері бойынша мәліметтерді жариялау туралы

«Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік (будан әрі – МЖӘ) жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы №725 бұйрығы 163-тармағына сәйкес, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шеңберінде тікелей келіссөздер нәтижелері мәліметтерін жариялау.

Жекеше әріптесті айқындау жөнінде комиссияның шешіміне сәйкес 2018 жылдың 10 қазандағы №10 хаттамасы негізінде «Қызылорда облысының Денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық медициналық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны базасында қатерлеу зертханасын құру және жұмысын қамтамасыз ету» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыруда «Медтроник Қазақстан» ЖШС жекеше әріптес болып айқындалды.

2018 жылдың 17 қазандағы №244 Қызылорда облыстық мәслихаты шешімімен «Амбулаториялық-емханалық қызметі бар Қазалы аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны базасында қатерлеу зертханасын құру және жұмысын қамтамасыз ету» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша 2019-2023 жылдарға 380 558 000 теңге көлемінде мемлекеттік міндеттемелері алынып, 2018 жылдың 6 желтоқсанында №14 нөмірімен келісім-шарт жасалынды.

СЕНИМ ТЕЛЕФОНЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңының және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің «Әдеп» кодексі талаптарын

бұзылуына жол бермеуі және оның алдын алу мақсатында «ҚР Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекциясының Оң-түстік өңіраралық басқармасы» республикалық мемлекеттік мекемесінде 8 (7242) 70-09-15 «Сеним телефоны» жұмыс істейтінді хабарлайды.

BIR SYRETTIŇ SYRY

Кеудесінен ән төгілген Бексұлтан

Сырды жағалай қоныстанған елдің соңғы 90 жылдағы шежіресін хатқа түсірген «Сыр бойы» газетінде жарты ғасырдай еңбек еткен фототілші Болат Омарәлиевтің архиві – тұнып тұрған шежіре. Тарихи оқиғалар мен еңбек, өнер, шығармашылық адамдарының қас-қағым сәттегі бейнесі түртіп қалсаң, тіл бітіп сайрап кететіндей.

Бүгіннен бастап өткен дәуірдің бейнесін көз алдымызға әкелетін сан қырлы суреттердің сырын ашып, оқырман назарына ұсына бастаймыз. Төмендегі суретте – Халық ақыны Манаптың шәкірті, күні бүгінге дейін ел аузынан түспеген «Ақбаян», «Женешем», «Күлімдеші», «Ақшолпаным», «Ақ гүлім» сияқты әндердің авторы, композитор Бексұлтан Байқажеев. Ол «Сыр сұлуы» және «Нұргүл» ансамбльдері құрамында көптеген шет елдерде өнер көрсеткен. Халық шығармашылығы Бүкілодақтық фестивалдарының лауреаты атанған.

Бұл суретті Жаңақорған ауданының «Жана базар» маңындағы жәрмеңкесі кезінде шамамен 1990 жылдары түсірдім. Қолындағы баяннан саз төгіліп, қасқайып тұрып ән шыраған Бексұлтанның тұлғасы биіктеп кеткендей көрінді. Оның ғұмыры тым қысқа болса да, ізіне өлмес туындылар қалдырды. Басқасын айтпай-ақ, бір «Ақбаянның» өзі неге тұрады? Сырышыл, әуені мен

сөзі үйлескен «Ақбаян» бүгінде халық әніне айналып кетті.

Негізі Бексұлтанды көп түсірдім. Ұнағаны осы ғана. Өйткені суреттен әншінің ішкі толқынысын, жан дүниесінің ирімдерін байқауға болады, – дейді Б.Омарәлиев.

Бексұлтан Байқажеевтің «Ақбаян» әнінің дүниеге келуіне 1968-1972 жылдары Қызылорда пединститутының музыка бөлімінде бірге оқыған курстасы Кабдеш Шағыров куә болыпты.

– «Ақбаянның» сөзінің авторы – тағы бір курстасымыз Әдімәлік Сыздықов. Жастар басқосында бір қызды ұнаттып қалған досымыздың жан тебіренісін байқаған Бексұлтан «сөзін сен, әнін мен жазайын» деді. Сөйтіп халық әндерінің сарынындағы тамаша туынды жарыққа шықты, – дейді ол.

Биыл елін ән қанатында қалықтатқан Бексұлтан Байқажеев 70 жасқа толар еді...

«СБ» руханият.



OI-TARAZY

КӨРШІҢІЗБЕН ҚАЛАЙСЫЗ?

Бұрындары үлкендер көршімен тату болу керектігін жиі ескертетін. Сол сертті бұзбай, біз де беріге дейін қойы қоралса көршімен жақын араласып келдік. Тіпті, бір жаққа жол тартса, көрші көршіге үйін тапсырып кету заңды құбылыс секілді көрінетін. Қасиетті шариғатта «Аллаға және ақырет күніне сендім деген адам көршісі сыйласын!» деген терең мағыналы жолдар бар. Бірақ, қазір қым-қуыт тірліктің ығына жығылып, көршіге мойын бұрудан қалғандаймыз. Әйтеуір баяғыдай емес, ыстық ықылас сөйлеңдей сезіледі. Бұл орайда «Шай сураса, май қосып беретін, кең пейілді, дархан жүректі қазақтың бүгінде көршісімен қарым-қатынасы қалай?» деген сауал туындайды. Пікірлерге зер салсақ,

Ләззат Бауыржанова, қала тұрғыны:

– Үлкен отбасында өскендіктен көрші болдым. Әлі есімде, бала күнімде көршілер шай, сүт болмаса нан сұрап келсе, соңғысы болса да бере салатынмын. Тіл табысу, елмен араласу қаныма сіңген соншалық, күні бүгінге дейін көпқабатты үйде тұрса да көршілерімен етене араласамын. Қуанышқа ортақтасқанды қалаймын. Бес күн жалғанда аралағы сыйластық ажырамау керек.

Назерке Байділдаева, тіл маманы:

– Қазақ – бәрінен бұрын сыйластыққа баса мән беретін текті халық. Хадиске көз жүгіртер болсақ, «Көрші ақысы» деген түсінік мұсылмандар үшін бірінші кезекте тұрады. Сол үшін де мұсылман бауырлар көршімен татулықта, өзара ынтымақтастықта өмір сүруді парыз санайды. Бабадан қалған даналық сөзді ескерер болсақ, халқымыз алда-жалда іс түскен уақытта да жәрдем етер әуелі Алла, содан соң көрші деп білген. Көрші ақысының нағыз үлгісін пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) көрсеткен. Өзіне зәбір көрсетіп, жолына нәжіс заттарды төсел қоятын иман келтірмеген көршісі ауырып қалғанда, оның хал-жағдайын сұрап барады. Сондай керемет қарым-қатынасы арқылы сол көршісінің иман келтіруіне себепкер болады. Осыдан-ақ, көршінің қадір-қасиетін пайымдай беріңіз. Өз басым сыйластықты құл көремін. Әсіресе, көршілерімен. Балалық шақтағы құрбыларым да сол көрші үйден. Қимас естеліктер бізмізге ортақ дүниеміз тығыз байланысты.

Тоқтар Ағыраев, күйші, термеші:

– Көпқабатты үйлер бой көтергелі көршілік дәстүрдің тамырына балта шабылды. Сосын күндіз де үйін құлыпта ұстайтын жерде қандай көршілік байланыс болсын. Жер үйдің де кейбірінде ғана сіздер айттып отырған қарым-қатынасы сақталған.

Гүлжанан Төленбекова, зейнеткер:

– Өмірімізде күнбе-күн, жүзбе-жүз кездесіп, туыс-туғанынан артық араласып, шүйірлесіп отырып шай ішетін жандар бар. Оны біз «Күлді қосқан көрші» дейміз. Көрші болғанымызға 7-8 жылға жуықтапты. Осы кезге дейін олармен ағайыннан да жақын бола түстік. Түскі асты ол үйден ішсе, кешкі уақытта қазан біздің үйде көтерілетін. Наурыз мерекесінде де көшеміздегі 19 көрші бірігіп, наурыз көже дайындап, Ұлыстың ұлы күнін тойладық. Міне, бойымызға әкенің қанымен, анаңның сүтімен сіңген ұлттық болмыс осында деп білемін. Бірақ, қазір көптеген адамдар осы дүниелерден қалыс қалған сиялыны. Қалалықтарға қонақтап барсаң, көршісімен аман-саулық сұрамақ түгілі, орта бұйынның айтып жатады. Кейде таңа бұйынның көрші түгілі бір-бірімен шаруасы жоқ. Бір сөзбен айтқанда, барлығы күйіңді тірліктің соңында жүр. Жалған дүниені аяқтап, о дүниеге барғанда жаратушың Алла: «Көршіңмен қалай тұрдың?» деп сұрайды екен. Тату тұрсаң жұмаққа, кату тұрсаң тозаққа жібереді деген бар. Сондықтан көрші көршімен күнде көрессе де, айлап көреспеген адамдай араласқаны жөн.

Айғаным Мұстапаева, «Ел.кз» ақпараттық-танымдық сайтының тілшісі:

– Егер бір сәт өткен өміріңізге көз жүгіртіп, балалық шаққа саяхат жасасаныз, есіңізге ең алдымен бірге ойлап, бір жүрген көрші үйдің балалары, достарыңыз түсетіні анық. Себебі, қазақ қашаннан «Жақсы көрші тапқаның – мол олжаға батқаның» деп көршісің туғанындай жақын тартқан. Бұны қиын іс түссе, ия болмаса қызық қуанышқа кенеліп думандатып жатсаң, бәрінен бұрын хабардар болып отыратын осы көршілер. Кейде басымызға

іс түссе, жырақтағы жақының талай шақырымды артқа тастап, құстай ұшып жетем дегенше, ауладағы көршілер істің бәрін тындырып, тұрмысымызды түзей қояды. Мұның барлығы – пейілі кең, иманы кәміл қазақтың дінінен, салт-санасы, болмысынан алыстамағанының көрінісі.

Жеңісбек Дәрібаев, дінтанушы:

– Өрине, көршілеріміз жақсымын. Қазақ көрші ақысын жете түсінген халық. «Көрші ақысы – Тәңір ақысы» деп қоныслықты ерекше қадірлеген. Жан-жағындағы жандармен әрдайым тату тұрған. Бауырды да, басқаны да жанына жақын тартып, көмек берген. Осындай қасиет бабамызға қайдан келді? Өрине, асыл дініміз исламнан келген.

Ислам дінінде көршің қай дінді ұстанса да оның көршілік ақысы бар екенін айтып өткен. Пайғамбарымыз (с.а.у.): «Маған Жәбірейіл періштенің көрші ақысы туралы көп өсиет айтқандығы соншалықты, мен көрші мұрагеріме айналатын шығар деп ойладым» деген болатын. Осылайша Ислам шариғаты мен әдеби барша мұсылмандарды көршілерімен жақсы болуға шақырады.

Ол көрші пейілі мұсылман немесе басқа дінді ұстанушы болсын бәрібір көршілік міндеті бар. Расында, басқа іс түскенде жырақтағы ағайыннан гөрі жәрдем беруге жүгіретін де, қайғымен, қуанышпен алдымен бөлісетін де жанына жақын тартып, көмек берген. Оны оры әрдайым ерекше. Халқымыз «Көршінің ешкім таңдамайды, Құдай қосады» деп қонысын Жаратушының өзі белгілегенін сенген. Сондықтан жақын көршінің «Күлді көрші» деп атаған. Көршің басқа аймаққа қоныс аударып жатқанда қимастық сезім болады ғой. Осының бәрі көршінің туысындай болып кетугені.

Рауабану Қаракеева, «Фейсбук» әлеуметтік желісінің қолданушысы:

– Шынымы айтсам, көршілерімді танымаймын. Қалалық тұрғындардың басым бөлігінде де осылай шығар деген ойдамын. Кейде жеті шелек таратуға шыққаныңда, есіңін ашпай, қажет емес деп отыратындары да бар. Бұл не деген салқындық екенін түсінбеймін. Ал ауылда жағдай тым бөлек. Мұндағы көршің туысыңдай болып кетеді. Қуанышпен мен қайғыңды да бөлісіп, айт, наурыз секілді мерекелерде үй

аралап, құттықтау айтып, дәм татып, арқа-жарқа боласың. Ал қалада қонаққа бармақ түгілі, көршінің бет-жүзін көрмейсің.

Нұрлыбек Рахманов, БҚО, «Жайық пресс» ақпарат орталығының жетекшісі:

– Студенттік кезде пәтерден пәтерге көшіп шаршағаның, екінші курс оқып жүргенде несиеге қаладан жер сатып алдық. Сол тақыр жерге құрылыс материалдарын түсіріп, шілдері шілде айында іске кірісіп кеттік. Айналадағы көршілерден ешкімді танымандықтан бірден сұрай қою да қиын. Әлі жөн білмейтін баландығымыз бар. Сөйтіп бірінші күні күрке тігіп, асымызды далада отқа пісірдік. Кешке көршілердің өздері келіп танысып, қол ұшын соза бас-

тады. Бірі құрылысқа өте қажет электр тоғын үйінен тартып берсе, бірі шайға шақырып, енді бірі балаларын көмекке жіберіп, сол бірліктің арқасында бір айға жетпей құрылыс салынып еді. Содан бері сегіз жыл өтті, олармен ағайын-тумадай аралас-құралас болып кеттік. Кейбірі қаланың басқа шетіне қоныс аударса да, арамыз ажыраған емес. Той-томалақ көршілерсіз өтпейді. Бұл көршілеріміз маған, менің жас отбасыма берген үлкен тәлім-тәрбиесі деп санаймын. Ата-бабаларымыздың «Сапарға шықпаса бұрын серігіңді сайла, Үй салмаса бұрын көршіңді ойла» деп тегін айтағанына көзім жетті.

Сөз түйіп. Берілген жауап әркілі болды. Бірақ, бұл көрші туралы ұғымның заманмен бірге жаңғырып, өзгеріске ұшырағанының дәлелі болар. Дегенмен, ауызбірлікке, ынтымаққа құрылған қарапайым қалыптан танбай, қана сіңген байырғы дәстүрлерімізден ажырамағанын жеткізің! Көрші-қолаңды туысыңдан да жақын қабылдайтын текті халықтың ұрпағы екенімізді абзал іспен, ізгі амалмен дәлелдеуді естен шығармасқа игі.

Пікір жинаған М.СНАДИНҚЫЗЫ.



SERGEK

ҚОҢҚАБАЕВ – ҚҰРАМА КАПИТАНЫ



Бокстан Қазақстан ұлттық құрамасының капитаны болып жерлесіміз Қамшыбек Қоңқабаев сайланды. Бұл АІВА академиясының базасында өтіп жатқан биылғы жылдың алғашқы оқу-жаттығу жынында белгілі болды. Бұған дейін ұлттық құрама капитаны міндетін атқарған Әділбек Ниязымбетов спорттағы мансабын аяқтады.

– Команда капитаны болу үлкен жауапкершілік жүктейді. Спортшыларға үлгі болып, жол көрсету міндетім деп есептеймін. Жаңа жылдан бастап командаға жас боксшылар қосылды. Құрама біршама жаңарып қалды. Бас бапкеріміз де ауысты. Сол себепті, біріміз бір жылдықтай жұмылып, ел намысын абыроймен қорғау үшін бар күшімізді саламыз, – деді Қамшыбек.

Айта кету керек, Қызылордадағы жоғары спорт шеберлігі мектебінде тәлім алған жаңа капитан бокстан ҚР еңбек сіңірген спорт шебері. 2017 жылы Азия және Әлем чемпионаттарының күміс жүлдегері атанған. Былтыр Қазақстан чемпионы болды.

«СБ» ақпарат.

ОБЛЫС ҚҰРАМАСЫ АНЫҚТАЛДЫ



Қызылордада тоғызқұмалақтан ересектер арасында облыстық жеке лей чемпионат өтті. Жарысқа қала мен аудандардан 80-ге жуық спортшы қатысып, ел чемпионатына баратын облыс құрамасы анықталды.

Жарыс нәтижесінде классика түрінен ерлер арасында Бексұлтан Бостандықов жеңімпаз атанса, Рауан Ыбырай екінің, Бексайыр Айтмаханов үшінші орындарды иеленді.

Қыздар арасында Акерке Кенжебекованың мерейі үстем болды. Ал Ұлдана Махамбетамин екінің, Қызжібек Әбілда үшінші орынды еншіледі.

Биіц түрі бойынша ерлер арасында Ермұхамед Әлайдарға тең келер ешкім болмады. Асылбек Қаржаубаев күміс, Дамир Ахметов қола жүлдені иеленді. Ал қыздар арасында Қызжібек Әбілда алғашқы орынды көрініс, қалған орындарды Бекзат Әмір мен Ұлдана Махамбетамин бөлісті.

Облыстың аға жаттықтырушысы Хәкімжан Елеусиновтің айтуынша, облыс спортшылары 21-27-ші қантар аралығында Ақтөбеде ерлер арасында, 14-20-шы ақпан аралығында Көкшетауда әйелдер арасында өтетін ҚР командалық чемпионаттарында бақ сынайтын болады.

«СБ» ақпарат.

ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

Байланыс операторының ауысуына байланысты «Сыр медиа» ЖШС бас гимнарияндағы телефон нөмірлері өзгертілетіндігін хабарлаймыз.

Серіктестік басшылығына және оған қарасты облыстық «Сыр бойы» газетінің редакциясына хабарласу үшін 40-11-10 нөмірінен кейін қажетті санды тересіз.

Бас редактордың қабылдау бөлімі – 1002

Бас редактор – 1007

Бас редактордың орынбасары – 1053

Жауапты хатшы – 1037

Бөлімдер:

Руханият және ақпарат – 1039, 1040

Экономика – 1038, 1033

Әлеумет және саясат – 1034

Жарнама – 1058

Есеп-қисап – 1052

Компьютер орталығы – 1036

Корректорлар – 1035



«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-49, 70-00-52 телефондары арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Меншік іесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36
40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 "А".

Газет аптасына 3 рет
(сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифициқталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АК» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 29135
Тапсырыс №19

Кезекші редактор Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz